

Әй, Брғызбай, мынау елді көрдің зой!.. Өліспей беріспейді. Мен солай ет дедім. Тек соқтығып көр, арындаған Брғызбай, артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың (М.Ә., 3 т.,123-б.). Бұл мысалдағы «қызыл тақия кию» – жазалау мағынасында қолданылған.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының қай кезеңде болмасын өмір сүрген ортасының тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін, табиғатының байлығын, ұлтының ұлылығын танытатын, сұлулық пен сезімталдыққа деген құштарлығын ұлттық киімдерінен көруге болады. Қазақтың ұлттық киімдерінің қай түрін алсақ та, оның өн бойында өзіне ғана тән эстетикалық, этикалық талғамы мен рухани ерекшеліктері көрініс тапқанын айқын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
3. Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 384 б.

Көркем әдебиет:

Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопея. I-IV т. –Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

А.Е. Кенжебекова

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың I-курс магистранты

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С.А.Кенжеғалиев

Халық ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. «Бізде ең ежелгі мұра санатына жататын, ертедегі заманның аңыз-әңгімелерінен туған жыр-дастандар жетерлік. Әдебиетіміздің төркінін тым әріге монғол, Алтын Орда, ноғай-қыпшақ, қалмақтар заманына жеткізер ескерткіштер де осылар. Атап айтатын болсақ, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» және т.б.» [1, 19].

Батырлар жырын лингвистикалық тұрғыда алып қарайтын болсақ, батырлар жырының тілі – құрамы мен құрылымы жағынан күрделі болып келетіні белгілі. Осы тұста біз эпостың тілін мәтіннен тыс қарастыра алмаймыз, онымен байланыста әрі сабақтастықта талдауымыз қажет.

Батырлар жырының тілінде ел-жұрттың сана-сезіміне, ойлау қабілетіне сәйкес тіл көркемділігі – теңеу, әсірелеу, суреттеу, мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің жұмсалыуымен қатар, қарапайым сөйлеу тілінің элементтері, тіл ала-құлалықтары жиі кездеседі.

Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Профессор М.Серғалиев: «Теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» - деп, теңеудің көркем әдебиет тілінде алатын орнын айқындайды [2].

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – Т.Қоңыров. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан – жақты қарастыра отырып, теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [3, 9].

Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагматилситикасы» еңбегінде: «Теңеу – ерекше стилистикалық тәсіл, мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз. Әсерлі сөздің жасалу тәсілі сан алуан болып келеді. Соның ішінде ерекше байқалатын стилистикалық амал тәсіл – теңеу» [4,104].

Батырлар жырындағы теңеулердің қолданысы әртүрлі сипатта болып келеді. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Қарлығаш ағасы Қобыландыны былайша сипаттап, мынадай теңеулер қолданады:

Бірге туған бауырым,
Қолқанатым, құйрығым,
Судан шыққан **сүйрігім**,
Суырылып озған **жүйрігім** [5, 73].

Қобыландыны сүйрікке, жүйрікке теңейді. Мұнда теңеу тәуелдік жалғауының бірінші жақ формасы арқылы жасалып тұр. Менің жүйрігім, менің сүйрігім деу арқылы теңеу жасалған.

Ал Құртқа болса, жары Қобыландыны күміске, бейішке, белеске теңейді:

Енді Қобылан сұлтанға
Сұлу Құртқа сөйледі:
«Иреуі жоқ **күмісім**,
Жасаған қосқан **белесім**,
Ойын менен **күлісім**.
Сұлтаным, сізге бас қосып,
Кенейіп еді өрісім.
Алтыннан соққан **кебісім**,
Сегіз ұрмақ **бейішім**,
Қауыз, кәусар суындай
Бейіштен шыққан **жемісім**,
Арыстаным, аман бол! [5, 76].

Морфологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, мұнда теңеулер тәуелдік жалғауының бірінші жағы арқылы жасалған. Ал теңеулердің синтаксистік құрылымы тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл жалаң теңеулерге жатады. Яғни теңеудің бұл түрі тек теңеу құрушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың немесе құбылыстың жалаң суретін жасайды.

Сондай-ақ теңеулердің бізге белгілі бір жасалу жолы **-дай, -дей** жұрнақтары арқылы жасалуы. Теңеудің бұл жасалу жолына «Алпамыс батыр» жырынан мынадай мысал келтіруге болады:

Келеді **желдей** зуылдап,
Жеткізбейді Шұбар ат.
Атқан **оқтай** зырылдап,
Жал-құйрығы суылдап [6, 52].

Сондай-ақ линвистикада көру теңеулері дейтін теңеудің семантикалық тобы бар. Жоғары да келтірілген сүйрігім, жүйрігім, күмісім, кебісім, жемісім деген теңеулермен қатар желдей, оқтай теңеулері де көру теңеулеріне мысал бола алады. Яғни көру теңеулерінде бір-біріне теңелетін заттардың сыртқы бейнелеріне басты назар аударылады. Сәйкесінше сыртқы ұқсастықтар әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, кескін-кейіптерінің, түр-түстерінің, қимыл-қозғалыстың ұқсастығы. Міне дәл осындай ұқсастықтар негізінде көру теңеулері жасалады да, олар біздің көз алдымызға теңелген теңеудің бейнесін елестеді. Көру теңеулеріне мынадай мысал келтіруге болады:

Кеуделері **кепедей**,
Мұрындары **төбедей**,
Күрек тісі **кетпендей**,
Кенірдегі перғауынның **көріндей**,
Отырған орны алты қанат үйдің **төріндей**,
Құлақтары **қалқандай**,
Мұрындары сығымдалған **талқандай**,
Көздері терең **зындандай**,
Басқан ізі от орнындай,
Аузы **ошақтай**,
Азу тісі **пышақтай**,
Мұрын тесігі **үңгірдей**,

Иегі **сеңгірдей** болды [6, 8]. Бұл «Алпамыс батыр» жырындағы Ұлтанды сипаттау барысында қолданған теңеулер. Жырда келтірген бұл теңеулерді біз күнделікті өмірде қолданамыз және көз алдымызға елестете аламыз. Сондықтан бұл теңеулерді көру теңеулері жатқызуымызға әбден болады.

Сонымен қатар теңеулердің тағы бір жасалу жолы – **ұқсас** (ұқсайды, ұқсап, ұқсаған) сөзі арқылы жасалуын айтуға болады. Бұл туралы Т.Қоңыров былайша пікір білдіреді: «Бұл тәсіл – теңеу

тудыратын ең пәрменді тәсілдердің бірі. *Ұқсас* сөзінің қатысуымен жасалған теңеулік конструкциялар сияқты үш мүшеден тұрады да, теңеулік мағына, соған орай, теңеулік образ жасайды» [3, 16]. Теңеудің бұл жасалу жолына «Қобыланды батыр» жырынан мынадай мысал келтіруге болады:

Қобыландының айбаты,

Арыстанға **ұқсады** [5, 23]. Яғни мұнда Қобыландының айбатын арыстанға ұқсату арқылы теңеу жасап тұр. Сондай-ақ теңеу жасаудың бұл тәсілі қазақ тіліндегі ең өнімді конструкциялардың бірі болып табылады. Көркем шығарма тілінде де, поэзиялық шығармаларда да, лиро-эпостық жырларда да өте жиі кездеседі. Теңеудің семантика-стилистикалық мәнін айқындайтын теңеудің бірнеше мағыналық тобы бар [3, 118]. Соның бірі гиперболалық теңеу. Мысалы:

Жанбырдай тері сіркіреп,

Құбылып ойнап жер басты [5,62] немесе

От **орындай** тұяқтым,

Омыртқаң бар отаудай.

Етектейін еріннің

Екі елісі қалыпты [7, 15]. Мұндағы гиперболалық теңеу жылқы малын сурттеуде қолданылып тұр. Яғни батырдың серігі бола білген тұлпардың тұяғының от орнындай, омыртқасының отаудай, ернінің етектей болғанын әсірелей теңей көрсетеді.

Эпитет – заттың, неқұбылыстыңайрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитетұғымға, нәрсегебейнелілік, нақтылық сипат береді. Көркем мәтінде өте мол ұшырасатын стилистикалық тәсіл. Бейнеленіп, суреттеліп отырған заттың немесе құбылыстың әсерлігін үстеп, шырайын келтіретін эпитеттендіру эпос тілінде де мол кездеседі. Кейіпкерлердің портретін, олардың қару-жарағын, мінген атын суреттегенде қолданатын тиімді тәсіл. Батырлар жырында мынадай эпитеттік қолданыстар жиі кездеседі: «алтын оқ», «ақ берен», «ақ сауыт», «қара тұлпар», «қара жер», «көк аспан» т.б. Ал жырда батырдың бес қаруын сипаттауда «ақ берен», «ақ сауыт», «көк найза», «көк сауыт» секілді эпитеттік қолданыстар жиі кездеседі. «Қобыланды батыр» жырынан мынадай жыр жолдарын мысалға келтіруге болады:

Үстімдегі **көк** сауыт,

Сетіліп кетсең саған серт

Қалмақтың ісін есітіп,

Маған болды жаман дерт

Астымдағы Тайбурыл,

Шығарайын терінді немесе

Қыдырбай сонда сөйледі:

Садағың алтын **көк** берен,

Шарайнасы бес қабат

Салып қойған сауыт бар,

Соны үстіне ки, – деді [5, 48].

О.Нұрмағамбетова «Эпостағы кейіпкерлердің әсіресе әйелдердің беті, қолы аппақ, үстіндегі киімдері алтын-күміс оқалаған әсем. Ерлердің қару-жарақтары да сондай жарқ-жүрқ етеді. «Ақ», «алтын» эпитеттері ең жоғарғы сапада қолданылады. Эпостарда «ақ найза», «ақ сауыт», «ақша бет», «ақ сұңқар» деген эпитеттер жиі кездеседі» [8,113]. Мысалы,

Долдыққа сыймай Алпамыс,

Денесін ашу қамады.

Ақ найзасын суырып,

Заманасын қуырып,

Шұбарды басқа шабады [6, 69].

Назымның көрмей **ақ** жүзін,

Жанды кісі үйінде

Сабыр қылып тұра ма?

Ат шаптырып, той қылып,

Ашыққанды тойғызып,

Жиылды жұрт жамаға [7, 32].

Эпитеттер еркін (поэтикалық) және тұрақты (тілдік) болып екіге бөлінеді. Еркін эпитеттің де, тұрақты эпитеттің де беретін негізгі мағынасы – эпитеттік мағына беру болып табылады. Тұрақты эпитет – тілдің фразеологиялық жүйесіне енетін тілдік штамптар, ал еркін эпитеттер – жеке ақын-жазушылардың творчестволық лабораториясында дүниеге келген жеке авторлық сөз кестелері.

Тұрақты эпитет фразеологиялық бірлік. Себебі ол міндетті түрде тұрақты сөз тіркесі ретінде өмір сүреді, сыңарларының құрамы тұрақты болып, бүтін бір мағынаны береді, көбінесе ауыспалы мағынада жұмсалады. Тұрақты эпитетке орынын басқа сөздермен ауыстыруға келмейтін тіркестерді айтамыз. Д.Әлкебаеваның пікірінше, тұрақты эпитеттерге жас жігіт, сұлу қыз т.б. сөздерді жатқызуға болады және көркем тілде стилистикалық әсерін жоғалтпайды [4,97]. Мәселен, **қара қыпшақ** Қобыланды дейтін болсақ, мұндағы қара сөзін көк қыпшақ немесе қоңыр қыпшақ деп алмастыра алмаймыз. Яғни бұл тілімізде, санамызда дәл осылай сақталған. Сондай-ақ, тілімізде қалыптасқан **қара бет** деген сөз тіркесі бар. Ел бетіне қарауға жүзі жоқ, масқара болған адамдарға айтылады. Біздіңше, бұл тіркесті тұраты эпитетке жатқызуға болады. Себебі қара сөзін біз сары бет немесе ақ бет деп алмастыра алмаймыз. Яғни ол тілімізде қалыптасып, әбден тұрақталып кеткен. «Алпамыс батыр» жырынан мынадай мысал келтіріп көрелік:

Осыны айтып Қарлығаш,
Егіліп жылап күңіренді:
«Мен сияқты **қара бет**,
Бозбалаға той қылып,
Асып берер күн бе еді?
Басымнан кетпей қамалым,
Таусылып тұр амалым.
Жаяу сүйреп көкпарды,
Не қылғаның, қарағым?» [6, 36]

Батырлық жырларда көбірек кәдеге асып, байыпты пайдаланылатыны – «боз» деген эпитеттер. Жырдағы бұл түстің мағыналық қолданысы сан алуан. «Боз» эпитетінің ақын-жыраулар поэзиясында қолданылуы көне дәстүр көрінісі. Қазақ халқы ежелден келе жатқан әдет-ғұрып, наным-сенімі бойынша үлкен жеңіске жеткен ел қуанар елеулі тойда боз ат бауыздап, құдай жолы деп садақаға боз қасқа қой сояды, екі ру, не екі ел арасындағы бітім кезінде боз бие шалып, ымыраға келеді. Мысалы:

Бұ да күшті мол алып,
Боз ат шалып Құдайға,
Жұртын жиып қуанып,
Қияттан шыққан бес батыр [5, 39].
Ал «Қамбар батыр» жырында былайша беріледі:

Келмембет тағы сөйлейді:
«Асықпасаң, байеке,
Мүйізі ұзын **боз** бұқа,
Пайікелін аңқытып,
Пәлегінді езеді.
Артына қарап бұрылып,
Айдайын десең, сүзеді [7, 28].

Сонымен қатар батырлар жырында өнімді қолданылтын эпитеттердің бірі – «ақ». Мысалы:

Ақ шалмасы басында,
Ұйықтап жатқан күнінде,
Аса таяқ қолында,
Өзі Хақтың жолында,
Көкшыбықтай бабасы
Жетіп келіп қасына,
Бабасы сонда сөйледі [7, 38].

Сонымен қатар «ақ» эпитеті кейіпкер портретін беруде де қолданылады:

Сұлулығын сұрасаң,

Қызыл ерін, **ақ** маңдай,

Өңбейтұғын мақпалдай -, деп «Қобыланды батыр» жырында Құртқаның бейнесін сомдайды. Мұндағы қызыл ерін тіркесі де эпитетке мысал бола алады.

Батырлар жырында «ақ» түске қарама-қарсы «қара» түспен ажарландыратын айқындаулар мол кездеседі. Қара түс десе біздің көз алдымызға қорқыныш, жауыздық пен қайғыны елестетеді. Мысалы: қара жылан, қара жол, қара найза, қара дәу, Қаражан, Қараман, қара қой, қара көзді, қара бет т.б. ұғымдары таза көңіл, пәк пейіл, ақ жүрек, жайсаң мен жомарт дейтін түсініктермен ешқашан ымыраса алмайды. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырынан мынадай жыр жолдары мысал бола алады:

Топ **қара** ағаш қасынан,
Бір шеңгелдің басынан
Иіліп келіп бір шыбық,
Маңдайынан тіреді.
Жазайыншы дегенше,
Екі елі батып кіреді.
Тайып кетіп қылышы,
Қара жерді қабады.
Ат үстінен шіреніп,
Бір Алладан тіленіп,
Қылышын зорға алады.
Байбөрі сонда сөйледі:
«Рас па, сөзің, алғаным,
Алаша төсек салғаным,
Алла тағала жар болса, —
Қара мылтық бар болса,
Беремін атып қабыланды [6, 54].

Мұндағы «қара» эпитетінің қоданысы қара ағаш, қара жер, қара мылтық тіркестерінде қолданылып тұр.

Әсірелеу немесе гипербола (грек. hyperbole-күшейту) — әдебиеттегі көркемдеу тәсілдерінің бірі, әр түрлі құбылыстарды немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асыра суреттеу тәсілі. Әсірелеу – әдеби тілдің көркемдігін ғана емес, бейнелілігін, әсерлілігін арттырып, құбылтудың бір түрі. Көне эпостық жырларда, фольклорлық туындыларда жиі кездеседі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында гипербола Тайбурылды сипаттауда жиі қолданылады:

Астыңғы ерні жер тіреп,
Үстіңгі ерні көк тіреп
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі [5, 56].

Батырдың тұлпарын суреттеуде, оның ерекше шабысын сипаттауда қтымды қолданылған тәсіл. Эпос поэтикасында мұндай қолданыстар әсіресе осы батыр тұлпарының бейнесін аша түсуде мейлінше мол пайдаланылады. Айталық, Тайшық ханға қарсы аттанған Алпамыстың Байшұбарын да былай суреттейді: «**Жанып тұрған жалындай, құбылып тұрған сағымдай**» [6, 29]. Байшұбарды жанған отқа гиперболалық теңеу арқылы теңей келтірген. «Ер Қосай» жырында батыр бейнесін аша түсуде гипербола былайша көрініс табады:

Елде қалған Қосайдың,
Сыбағасына-мың кісі!
Итке салса, ыңқ еткен.
Нарға салса, бүлк еткен.
Шүберектей қуарған,
Айдаһардың қанына
Жан қалмас деп суарған [7, 65].

Сондай-ақ әсірелеу тек батыр немесе батырдың тұлпарын суреттеуде ғана емес, эпос тілін құнарландыра, тыңдаушының құлағын еліте түсетіндей гиперболалық қолданыстар бар. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында:

Алпыс бие сойғызып,
Алты рулы елді шақырды.
Жетпіс бие сойғызып,
Жеті рулы елді шақырды [5, 45].

Гипербола көбінесе образды әсерлі түрде шығару мақсатында қолданылады. Неғұрлым әсер тудырып, оқушы назарын аудару мақсатында жиі пайдаланады.

Батырлар жырында жиі кездесетін сазды сыңғыр, мәнді де мағыналы дыбыстарға құрылған шумақтар жырда жиі кездеседі және үнемі қайталанып отырады. Мысалы:

Көлден ұшқан қаз **деймін**,
Қаз жайлауын саз **деймін**,

Наурыздан соң жаз **деймін,**
Ақылы жоқ мен байғұс,
Бүйтіп жүрген Құртқамды
Шауып тастай жаздаймын[5, 62]. Одан өзге «Қобыланды батыр» жырынан қайталауға мынадай мысал келтіруге болады:

Бурылға қыз Құртқа
Түндікпенен күн **берді,**
Түтікпенен су **берді,**
Дәріленген жем**берді** немесе

Жасы құрдас **менімен,**
Мұңы мұңдас **менімен,**
Жылы жылдас **менімен,**
Мақұл көрсең әлеумет,
Сөз айтамын шынымен,
Жүрейік соның жолымен! [5, 85]

Хан сүйекті Қамбар-ау!
Қабағы қатып шаршапты
Қара атыңның мойнында
Өкпе - бауыр, жал бар-**ау,**
Арызыма менің құлақ сап,
Ақылың болса, аңғар-**ау,**
Ақ төсімнің үстінде
Шөлдесең сусын ішсейші
Біздің үйге түссейші,
Жатып - тұрып кетуге
Бір кісілік жай бар-**ау!**[7, 56]

Қамбардың қайрылмай кеткендігіне ренжіп, соңынан ілесе қайтармақ болған Назымның сөзіндегі-"ау" поэтикалық ойды жүрекке, адамның миына бірден шеберлікпен жеткізіп, мазмұнның эмоционалдық мәнерін аша түскендей.

«Алпамыс батыр» жырында мынадай қайталау ұшырасады:

Қаланың аузын қан **қылды,**
Қақпаның аузын шаң **қылды.**
Айдарлымды құл **қылды,**
Тұлымдымды тұл **қылды**[6, 38].

Батырлар жырындағы бұл стильдік қолданыстардың әрқайсының өзіндік атқарар қызметі бар. Сондай-ақ, мұндай қолданыстардың шығарма тілінде кездесуі жырдың көркемдік қуатын арттырып, оқырманға эстетикалық әсер сыйлау мүмкіндігіне де ие. Мұндай стильдік қолданыстар, байқағанымыздай, әсіресе батырларды немесе олардың тұлпарларын сипаттауда жиі қолданылады. Кезінде мұндай жырлар ауыздан-ауызға тарағандықтан, тыңдаушы халықтың қызығушылығын арттыру мақсатында осындай тәсілдер қолданған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 256
2. Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 136 б.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 б.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: Зият-Персс, 2007. – 244 б
5. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б.
6. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 288 б.
7. Бабаларсөзі: Жүзтомдық.-Астана: Фолиант, 2006. Т. 35: Батырларжыры. – 2006. – 392 б.
8. Нұрмағамбетова О. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001